

ӘОЖ 373.3

Балабақшадағы балалардың мектепке педагогикалық, психологиялық дайындалу негіздері

Нагымжанова Каракат Мукашевна¹, Сатбаева Жанар²

¹педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Тұран-Астана университеті
²магистрант
Тұран-Астана университеті

Андатпа. Бұл мақалада балабақшадағы балалардың мектеп алды даярлығы жөніндегі мәселелер қарастырылады. Балалардың танымдық ерекшеліктеріне қарай педагогикалық, психологиялық негіздері қарастырылады.

Кілт сөздері: мектеп алды даярлық, балабақшадағы балалар, педагогикалық ерекшелік, психологиялық ерекшелік.

Аннотация. В этой статье, рассматриваются проблемы готовности обучения в детском саду дошкольный программы. В зависимости от особенностей детских познаний рассматриваются педагогические и психологические основы.

Ключевые слова: дошкольная подготовка, дети в детском саду, педагогические различия, психологические различия.

Abstract. In this article, a kindergarten for children in pre – school training issues. Children’s cognitive features of the pedagogical and psychological foundations.

Key Words: Pre-school training, children in kindergarten, pedagogical differences, psychological differences.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамуының басты бағыты болып саналады. Танымдық белсенділікті психологиялық–педагогикалық құбылыс ретінде анықтау. Бұл мектеп алды даярлық кезеңіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Себебі, меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің нәтижесі емес, сонымен қатар балалардың өзіндік танымдық іс-әрекетіне қатынасының қатысуымен тәуелді болып келеді.

Демек оқыту үрдісінде ынталандыру–бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады. Балалардың мектепке оқуға дайындығы мәселесімен ұзақ уақыт бойына көптеген елдердің психологтары, педагогтары, гигиенистері, педиатрлары айналасқандығына қарамастан, баланың мектепке жүйелі түрде оқуға дайындығының сенімді және неғұрлым ақпараттық критерийлері ақырына дейін анықталмағандығы секілді, мектеп кемелдігі түсінігінің ортақ және нақты анықтамасы жоқ.

Мектепке дейінгі кезеңнің соңына қарай бала енді тұлға болып табылады. Ол жанұялық–туыстық қатынастарды жақсы түсініп, үлкендермен және құрдастарымен қатынастар құра алады: өзін өзі ұстаудың дағдыларына ие, өзін жағдайларға бағындыра алады, өз тілектерінен бас тарта алады. Мұндай баланың рефлексиясы дамып жетіледі.

Бала тұлғасының дамуындағы маңызды жетістік ретінде «мен міндеттімін» деген сезімнің «мен тілеймін» деген мотивтен басым тұруы көрініс табады. Мектепке дейінгі жастың аяқ кезіне қарай мектепте оқуға мотивациялық дайындық ерекше маңызға ие болады [1].

Мектепке дейінгі балалық шақтағы психикалық дамудың аса маңызды нәтижелерінің бірі–баланың мектептегі оқытуға психологиялық дайындығы. И.Ю.Кулашина психологиялық дайындықтың екі аспектісін бөліп қарастырады: мектепке жеке (мотивациялық) және интеллектуалдық дайындық. Екі аспекті де баланың оқу қызметі табысты болу үшін де, оның жаңа жағдайларға бейімделуі, қатынастардың жаңа жүйесіне енуі үшін де маңызды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі: Баланы мектепке психологиялық дайындық маңыздылығын «5-6 жас дағдарысының» теориялық негізін жасаған Л.С. Выготскийден бастап, кеңестік кезең психологтары– А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, Л.Н.Божович, В.В.Давыдов, Е.Е.Кравцова, т.б. жан-жақты зерттеген.

Әрі жеке тұлғаның іс-әрекетте дамуы жайындағы туралы тұжырымдамалар (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Элкониин, В.В.Давыдов, Л.И.Божович); таным процестері жөніндегі педагогикалық психологияның теорияларына Т.Я.Гальперин,

Л.В.Занков, М.М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, С.Жақыпов, Х.Шериязданова) жан-жақты талдау беруді жөн көрдік, ол төмендегі тарауларда сипатталады.

Кіші мектеп жасы–бұл бала өміріндегі көбіне тұлғалық және организмнің дамуын анықтайтын бірден бір маңызды этаптардың бірі. Бұл жастағы балалардың маңызды ерекшеліктері, олардың қоршаған өмірге: адамдарға, оқиғаларға деген айнымас қызығушылығы болып табылады. 5-6 жастағы балалар қоршаған әлем пәндерін жеткілікті игереді, жаңа білімге үлкен қызығушылықтарын білдіреді, жаңа ақпараттарды жақсы түсінеді. Олардың ойлау іс-әрекеттерінің даму дәрежесі мектептегі оқытуға мүмкіндік береді.

Бұл жастағы балаларда көбіне көрнекі образды және әрекет – образды ойлау сипатталады. Балалардың көру- кеңістікті қабылдау дамуы жеткілікті түрде жоғары дәрежеде болады. Бұл жастағы балалар шығармашылық зейінге қабілетті, бірақ оның тұрақтылығы әлі де жоғары емес, көбіне ол баланың тұлғалық қабілетіне және оқыту ұйымының шарттарына байланысты болады. Ол бала үздіксіз сол және басқа да әрекетпен (оқумен, жазумен, әңгімелесумен және т.б.) 10-12 минуттан кем айналысуы мүмкін. Осы әрекеттерінің бәрін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде баланың жас шамасына қарай есептеулі болады.

Психологтардың сәтті қорытындыларының нәтижесінде балаларды оқыту өте ерте жастан қабілетті екенін негіздей отырып, логикалық ойлауы пәндік тәжірбиелік әрекеттің нәтижесінде байқалады. Онда балалардың физиологиялық және рухани дамуы, өзіндік көрсетуі белсенді түрде атқарылады. Осы барлық психологиялық ерекшеліктер балада пайда болып және саналы мақсатқа бағытталған педагогикалық әсерден пайда болады.

Алты жасқа қарай еріктік әрекеттің негізгі элементтерінің қалыптасуы жүреді: бала мақсат қоюға, шешім қабылдауға, әрекет жоспарын белгілеуге, оны орындауға, кедергіден өту жағдайында белгілі күш салуға, өз әрекетінің нәтижесін бағалауға қабілетті. Бірақ та еріктік әрекеттің осы барлық құрамдаушылары әлі жеткілікті түрде дамымаған.

Осылайша, қойылатын мақсаттар үнемі тұрақты және саналған болмайды; мақсатты орындау тапсырманың қиындығының дәрежесімен, оны орындаудың ұзақтылығымен анықталады.

Балалардың еріктілігін дамыту мектепке дейінгі жаста мақсатқа ойындық мотивация мен құрдастардың жағынан бағалау болған жағдайда табыстырақ қол жеткізіледі. Алты жасқа қарай баланың қимылдарының еріктілігі айтарлықтай

өзгереді. Егер үш жаста бала затпен қимыл жасаудың нәтижесі мен әдісін түсініп, бірақ бөлек операциялар мен қимылдарды әлі түсіне алмаса, 5-6 жаста қимылдардың өзі саналы еріктік қызметтің объектісіне айналады [2].

Жалпы балалардың мектепке дейінгі шақтан мектептік өмірге көшуі-психология ғылымында кеңінен қарастырылған мәселе. Осының төңірегінде зерттеулер жүргізіліп, оның нәтижесін талқылауға ұсынған ғалымдар – Мухина В.С., Кравцова Е.Е., Иванова Г.М., т.б.

Бала психологиясын зерттей келе Л.С.Славина бала өмірін табиғи қажеттіліктерін қанағаттанатындай етіп ұйымдастырып, оның жаңа білімдерді игерудегі қызығушылықтарын қалыптастыру үшін баланы үнемі жаңалықтармен қамтамасыз ету керектігін дәлелдейді.

И.В.Дубровина осы пікірді құптай келе, мектептің бірінші сыныбына даярлықпен келетіндер, олар, отбасында, балабақшада жүйелі түрде үйретуден өткен балалар. Алғашқы кезде қабылданған балалардың оқу үлгеріліміне мектептегі бағдарлама да, мұғалімде әсер етпейді, яғни, оның мектепке даярлығы әсер етеді. Баланың мектепке даярлығы – оқи білу, санай білу іскерлігі, сызу деген секілді қарапайым әрекеттерді игеруі, психологиялық ерекшеліктерге: таным белсенділігі, көңіл күйінің тұрақтылығы, оқуға қатынасы негізделіп жүргізілуі керек.

Жалпы алғанда 5-6 жастағы балалардың психикалық дамуының ерекшеліктерін төмендегі ретте сипаттауды жөн көрдік:

1. Әлеуметтік дамуы–баланың мектептегі әлеуметтік психологиялық адаптациясы, көбіне баланың табысты қарым-қатынаста болуын анықтайды. Іс-әрекетінің ұйымды дәрежесі 5-6 жастағы бала өз іс-әрекетін ұйымды түрде басқара алуы.

Оның мұғалімді тыңдауы, берген тапсырманы қажеттілігіне қарай орындай алуы, іс-әрекетін ұйымдастыра алуы. Егер өз іс-әрекетін ұйымдастыра алмаса балаларға мектептегі оқытудың интенсивті бағдарламасы сай келмейді.

2. Балаланың жалпы дамуы-мектепке қабылдауда үлкен рөл атқарады, қазіргі кездегі бала көп көреді, естиді, олардың дамуына белсенді түрде көп көңіл бөлінеді.

3. Есте сақтауы мен зейіннің дамуы-баланың оқуының негізгі шарты. Мұндай жағдайға көп көңіл бөлінуі тиіс. Егер есте сақтауы мен зейіннің дамуы тұрақты болатын жағдайда, баланың интенсивті бағдарламаны игеруіне кері әсерін тигізеді. Ол үшін әрқашанда оқу материалын қайталау және т.б. шаралар қолданылуы тиіс.

4. Сөйлеуінің дамуы-баланың сөйлеуіне көп көңіл бөлу керек. Егер сөйлеуі қиын соғып жатса, алдын-ала арнайы логопедтен консультация алуы тиіс. Сөйлеу қабілеті нашар дамыған балаларды интенсивті білім беруге және тереңдетілген ағылшын тілін үйренуге болмайды.

5. Қозғалысының дамуы, кеңістікті қабылдауы-бала дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Баланы үйретудегі немесе баланың үйренуіндегі барлық қозғалыстары өте күрделі процесс.

Бірақ күрделі қимылдарының қалыптасуы (жазу қимылы) үшін арнайы оқыту керек. Баланың моторлы іс-әрекетінің дұрыс қалыптасуы әсіресе пәндік сабақтарды меңгеруде, жазу үйреткенде көп жағдайда мәселенің себебі болып жатады. Сондықтан да баланың мектепке дайындығын анықтауда тек қимыл-қозғалысының дамуы емес, сонымен қатар қаламды дұрыс ұстай алуы, қарапайым графикалық сызуларды сыза алуы (шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш т.б.) қимыл қозғалысының қабілетін қадағалау.

6. Көру кеңістігін қабылдау және моторлы көру координациясы-бұл функцияның мектептік бір мәні болуының толық негізі деуге болады. Бұл функция толық қалыптаспаса баланың жақсы оқуына және дұрыс жазуға үйрету мүмкін емес. Бұл қабілеттің дамуы балада толық білінбеуі мүмкін. Бұндай кемшілігі бар балалардың интенсивті білім алуына кепілдік бермеуі тиіс.

7. Тұлғалық дамуы-әлеуметтік дағдыларының дамуы, баланың мектептегі психологиялық адаптациясын анықтайды. Бірақ баланың қалыптасуының психологиялық жеткіліксіздігі –тұлғалық дамуына кері әсер етеді.

8. Баланың денсаулығы-оқуының ойдағыдай болуын анықтайтын басты фактор.

Мектепке психологиялық дайындық мәселесін зерттеудегі шетелдік және отандық психологиялық көзқарастарға тоқталсақ, алғаш рет ұстаздарды тестілеу әдістемесімен екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Германияда бірінші сынып оқушыларын зерттеу таныстырды.

Дегенмен осы саладағы алғашқы зерттеулер 1915-1933 жж. кезеңіне жатады, ол кезде осы мәселе Лейпцигтегі педагогикалық семинар шектерінде, сондай-ақ вендік мектептің ғалымдарымен белсенді түрде зерттелді. Баланың мектепке дайындығын анықтайтын тестілеудің гүлденген кезеңі 1955-1975 жж-ға келеді. Оны дайындаудағы үлкен рөлді А. Керннің баланың мектепке дайындығының концепциясы атқарды.

Өз концепциясында Керн келесі тұжырымдамаларға негіздейді:

1. Физикалық және психологиялық дамудың арасында тығыз байланыс бар.
2. Бала мектеп талаптарына жеткен кезеңі бірінші кезекте жетілудің ішкі процестеріне тәуелді болады.
3. Осындай жетілудің маңызды көрсеткіші болып қабылдаудың визуалды дифференциалдығының жетілу дәрежесі, образды бөліп қарастыру қабілеттілігі табылады.
4. Мектептегі жаман үлгерім тек жеткіліксіз интеллектуалды жетілуге ғана емес, мектепке жеткіліксіз деңгейде дайындыққа тәуелді келеді.

Керн ұсынған гипотезалар қабылданған жоқ. Мектепке физикалық және психикалық дайындықтың өзара байланыстығы көрсеткіштің бірі бойынша мүмкін пікір қалыптастыру, жақын болмай шықты.

Мектептегі үлгерім ұзақ уақыт бойы мектепке дайындыққа қарағанда біршама интеллектуалды дамуға тәуелді болды және мектепке дайындықты анықтаушы тестілердің кейбіреулері айтарлықтай шамада сонымен қатар интеллектуалды даму деңгейін өлшеді [3].

А.Керннің мектеп кемелділігінің тестісі—«Баланың мектепке дайындығын анықтауға арналған бастапқы үлгерім тестісі» Я.Йирасикпен модификацияланды. Мектеп кемелділігінің тестісін орындаудың табыстылығы мен одан кейінгі оқытудағы үлгерім арасындағы байланысты анықтау үшін, Я.Йирасик зерттеу жүргізді. Ол тестіні жақсы орындаған балалар әдетте мектепте жақсы оқитындығын байқады, дегенмен тестіні жаман орындаған балалар да жақсы үлгері алды. Тестінің мазмұнына А.Керн логикалық ойлаудың дамуы туралы қорытынды жасау мүмкіндігін беретін вербалды субтестілер енгізбей, ол дайындаған тапсырмалар негізінен сенсомоториканың дамуы туралы ақпарат беретіндігіне байланысты, Я.Йирасик әдістеменің шектелгендігін ерекше атап өтті.

Сол себепті Керннің тестісін модификациялай отырып, Йирасик осы жағдайды ескере келе, логикалық ойлаудың дамуы туралы қорытынды жасау мүмкіндігін беретін қосымша тапсырма енгізді. Бұл модификацияланған әдістеме «Керн-Йирасиктің мектеп кемелділігінің бағдарлық тестісі» деген атауға ие болды [4].

Д.П. Озубел мен Д.Е. Эванстің зерттеулері мектепке психологиялық даярлық мәселенің түйінін шешеді. Ұйғарымдарды нақтылап, психологиялық тілге салуды қажет етеді. Авторлардың түпкі ойы—психологиялық категорияларды меңзеп тұрғанымен, көріну түрі жалпы (педагогикалық) сипат алды. Тағы бір ескертілер

жайт Д.П. Озубелдің де, Д.Е.Эванстың да өз тұжырымдарын дәлелдегенде бір жақты үстірт кететіндері [5].


Балаларды мектепке дайындау, мектепке бейімделуін және оқытудың жетістігін қамтамасыз ететін маңызды құрамы болып психологиялық дайындық компоненттері табылады. Баланың жеке тұлғасының даму мәселесін ойдағыдай шешу, оқытудың тиімділігін арттыру, балалардың мектепке оқуының дайындық деңгейін дұрыс ескере отырып, дұрыс бағытта дамыта білу маңызды.

Баланың мектепке даярлығын анықтайтын 5 бағыт: танымдық, қабілет, дене күшінің дамуы, оқуға ынтасы, көңіл-күйі, ерік салаларының қалыптасуы-мектептік кемелді құрайды (1 кесте) [6].

Кесте 1: Балалық тобының мектепке даярлығын анықтау

Топтың аты	ДЕҢГЕЙЛЕР			
	Өте жоғары	Жоғары	Орта	Төмен
«Әсемгүл» ересектер тобы	18%	60%	22%	-
«Ренесанс» ересектер тобы	12%	22%	56%	12%

Мектепке даярлық топтарының балаларының дайындық деңгейін анықтау бойынша алынған нәтижелерді гистограмма түрінде 1-суреттен көруге болады.



А тобы: Өте жоғары- 18 % Жоғары- 60% Орта-22%
В тобы: Өте жоғары- 12 %, Жоғары- 22 %, Орта- 56 %, Төмен- 12 %

Сурет 1: КЕРН- ЙИРАСИК тестісінің нәтижесі

Пайдаланған әдебиеттер

- [1] Г.В.Бруменская, О.А.Карабакова, А.Г.Лидере. Возрастное психологическое консультирование проблемы психологического развития детей. М., 2002–171 с.
- [2] Байжуманова Б.Ш. // Қазақстан мектебі. №2. 1999, Б. 21-23.
- [3] Бастауыш мектеп кезеңінде шығармашылық қабілеттің дамуы. Алматы., 2002. – 78 б.
- [4] Балалар психологиясынан танымдық жаттығулар мен тапсырмалар. /Бапаева М.Қ, т.б/А-1994. Б. 13-56.
- [5] Венгер А.Л. Особенности психического развития детей 6-7 возраста. /Вопросы психологии. №7, 1994, С. 32-39.
- [6] Активные методы в работе школьного психолога. //Сб.науч. трудов. М., 2001.